

Печора теңізінің ресурстары сұйық көмірсутектерге өте бай. Мұнда Приразлом мұнай кен орыны, Варандей-теңіз және оларға жататын құрылымдар: Медыньск, Солтүстік-Долгин, Алексеевка, Полярная және Паханчевская кен орындары орналасқан. Приразломное кен орны 1989 ж. ашылды. Ол жағадан 65 км қашықтықта жатыр және оның тереңдігі 20 м.

Батыс Сібір мұнай-газ провинциясының айтарлықтай бөлігі солтүстікте тереңдігі 30-100м Карск теңізінің суы астында жатыр. Оның табанында жалпы мұнай қоры 37%-дан астам және 45%-дан астам газ қорлары шоғырланған. Бұл ресурстардың үлкен бөлігі теңіз түбінде 4 км тереңдікте орналасқан және тереңдігі 100 м шельф учаскелерінде орналасқан, яғни олар техникалық жағынан меңгеруге қолайлы. Карск шельфінің Приямаль ауданының батыс бөлігінде ең ірі газ кен орындары – Русаков және Ленинград орналасқан.

Мұнда Харасавей, Крузенштерн және Батыс Шарапов, сонымен қатар Обск мен Тазов перспективалы құрылымдары орналасқан.

Оңтүстіктен солтүстікке 30-дан 70 км-ге созылатын Обск губасының ұзындығы 750 км-ге жетеді. Губа шеңберінде судың тереңдігі 2-ден 20 м-ге дейін өзгереді. Тазов губасы 10-35 км ендікте Обск губасымен жалғанғанша 300 км ге дейінгі қашықтыққа созылады. Судың тереңдігі 2-ден 7 м-ге дейін ауытқиды. Мамандардың бағалауы бойынша губалардың акваториясында көмірсутектердің жалпы геологиялық ресурстары 1500 млн. т. шартты отынның құрайды. Харасавей газ-конденсатты кен орны Русанов және Ленинград пен бірге Карск теңізіндегі ең ірілерінің бірі болып табылады. Оны игерудің негізгі әдісі ретінде бұрғылау үдірісі және мұзға берік бұрғылау қондырғыларын немесе мұз аралдары мен жасанды себілмелі тас шиыршықты аралдарды ұйымдастыру болып табылады.

Әр түрлі табиғатта тектоникалық құрылымдардың үйлесуі, соның ішінде рифтогеинділер Лаптев теңізінің мұнай газ потенциалын жоғары бағалауға мүмкіндік береді. Шығыс Сібір және Чукотка теңізінің шектерінде Чукотка-Аляска және Новосибирск-Чукотка перспективалы мұнай газ провинциялары орналасқан. Қарастырылып отырған теңіздер Ресейдегі ең аз зерттелгендер болап табылады.

Ресейдің континентальды шельфін меңгеру табиғи климаттық жағдайлары өте қатал болғандықтан аса қиын деп есептеледі. Алдағы 10-15 жыл аралығында Ресей шельфтерінде іздеу-барлау жұмыстары жүргізілетін болады, оның міндеті келешекте мұнай мен газдың шикізат базасын теңіз кен орындарында пайдалануға дайындау болып табылады.

Осылайша Арктикада орындалған іздеу-барлау жұмысының нәтижелері мұнай мен газдық теңіз қорлары бұл аумақта әлемдегі ең ірілердің бірі болып, қоры жағынан белгілі Таяу Шығыс аймағынан асып түседі.

Мұнай мен газды өндіруге арналған дайын шикізат базасы бар теңіз аумағы ретінде Сахалин аралының солтүстік-шығыс шельфі, мұнда көп мөлшерде құрамында газы бар мұнайға аударғанда, 1 млрд. т. көмірсутек қоры барланған 8 кен орны ашылды. Бұл Сахалин аралын және оған жақын